

Н. Махмут, 3-курс
Ғылыми жетекшісі: Ж. С. Кунева, заңтану магистрі, оқытушы
(Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университетінің экономика, бизнес және құқық колледжі)

КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАРДЫ ЖАУАПҚА ТАРТУ

Адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын және заңды мүдделерін қорғауда, қылмыстылықпен күресу, қылмысты тез арада және заңдарды сақтай отыра ашу, қылмыс жасаушылар тарапынан болатын қарсылықтардан сақтану, қылмыстық жауапкершіліктен қашудың әртүрлі қулықтар мен айдаларға жол бермеуде және олардың алдын алу қылмыстық құқық саласының маңызды бөліктерінің бірі болып табылады.

Кәмелетке толмағандардың қылмыстылығымен күресу — бұл қылмыстылықтың ағымдағы себептері мен факторларымен және басқа да құбылыстарымен бірге болатын әлеуметтік саяси мәселе. Көптеген жылдар бойы бұл мәселеге тәжірибелі заңгерлер мен ғалымдар тоқталған. Соңғы жылдарда кәмелетке толмағандар мен жастар қылмыстылығының тенденциясы өсуде. Республикамыздағы экономикалық құлдырау — бұл құқық бұзушылық пен қылмыс жасау әдісінің ең басты және негізгі себебі.

Олар қылмыстылықтың, нашақорлықтың негізін құрайды және қоғамдық тұрақсыздық пен депрессияны туындатады. Жұмыссыздықтың жоғарғы көрсеткіші, айлықты және

зейнетақыны уақытылы төлемеу де басты экономикалық мәселеге әкеп соқтырады. Сондықтан кәмелетке толмағандар мен жастар қылмыстылығына байланысты мәселе көлеңкеде қалып отыр және оған жеткілікті көңіл аударылмаған. Бірақ соңғы уақытта бұл ситуация жақсы жағына өзгеруде. Мысалы, ҚР қылмыстық кодексте «Отбасына және кәмелетке толмағандарға қарсы қылмыстарға» байланысты арнайы бөлім енгізілген.

Сонымен кәмелетке толмағандар қылмыскерлігінің талдамасы оның динамикасы мен құрамында бірқатар теріс үрдістердің бар екендігін көрсетіп отыр. Реформа жылдарында бұл қылмыскерлік динамикасы Республика әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан ең күрделі кезеңге — 1992, 1993 жылдарға тап келді. Содан кейінгі 5 жылда (1994-1999) Қазақстанда кәмелетке толмағандардың қылмысы біршама азайғандығын көрсетті. Бірақ 2000-2002 жылдары кәмелетке толмағандар жасаған немесе олар қатысқан қылмыстар саны қайтадан көтеріліп, 2004-2007 жылдары тағы да төмендеген.

14-17 жас аралығы да жеткілікті кезең, 17 жасар жасөспіріммен салыстырғанда 14 жастағы бала да дамуы жағына біраз айырмашылықты иеленеді. Алдын ала тергеу органы кәмелетке толмағандарға қатысты қылмыстық істерді қозғағанда келесідей мәселелерді шешіп алуы тиіс: 1) бастапқы материалда сөз қозғалып отырған адамға қатысты қылмыстық жауаптылыққа тартуды қолдануға бола ма; 2) осы адамға қылмыстық жазалау шарасын қолдану орында ма; 3) кәмелетке толмағанның қылмыстық жазалауға жататын жасаған әрекетінен басқа істің мән-жайларын жеңілдетуден басқа мән-жайлары бар ма. Мұндай мән-жайларды ескеру кәмелетке толмағанға қатысты заңды әділетті қолданудың кепілі бола алады.

Бас Прокуратураның құқықтық статистика бөлімімен 2012-2013 жылдарды салыстыру мақсатымен кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстар туралы статистикалық қорытынды жасалды. Комитеттің қорытындысы бойынша 2013 жылдың 6 айында Қазақстан Республикасында кәмелетке толмағандар арасында 48833 қылмыс тіркелген (2012 жылдың 6 айында 51580 қылмыс тіркелген), бұл 2012 жылдың 6 айымен салыстырғанда 5,3 пайызға азайған. Қазіргі таңда Қазақстан Республикасында кәмелетке толмағандар арасында қарқынды жасалатын қылмыстардың бірі — суицид. Мысалға, алатын болсақ өткен жылдың мамыр айында Алматы қаласында кәмелетке толмаған екі жасөспірім 1995 ж.т., 1998 ж.т. көпқабатты үйдің 12 қабатынан секіріп екеуі де сол жерде көз жұмды. Кәмелетке толмағандардың арасында суицидтік мінез-құлық көп кездеседі, ол дегеніміз жасөспірімдердің қоршаған ортаның назарын өз назарына аударуы. Ең қорқыныштысы бала санасында өлім өмірді тоқтатады демейді, бала қайтадан барлығын артқа қайтарам деп ойлайды. Бұл бөлімде бала тәрбиесімен біріншіден ата-анасы, оқытушылары, мектептегі психологтары жұмыс жасау керек. Кәмелетке толмағандар арасындағы жасалған қылмыстардың 2013 жылдың 6 айындағы стратегиялық сараптаманың қорытындысы.

Астана қалалық денсаулық сақтау басқармасының қорытындысы бойынша суицидтің басты себептері ол отбасындағы ұрыс керістер болып табылады, әрбір 2-ші бала толық емес отбасынан, әрбір 4-ші бала 16-18 жастағы ер балалар (қалғандары қыз балалар), қалған 50 пайызы толық отбасынан шыққан балалар.

Барлығын қоса алғанда суицидтің басты себебі — балалардың отбасында туындайтын ұрыс керістер.

Алдын ала тергеу барысында және сотта кәмелетке толмағандардың нақты жасын анықтау үшін шаралар жасалуы тиіс. Бұл кәмелетке толмағанның қылмыс субъектісі талаптарына сай келетіндігін, жауаптылық пен жаза артуға көңілінің кәмелетке толмағандық фактісі ескерілгендігін, сонымен бірге қандай жаста қылмыс жасағанын анықтау мәселесін шешу үшін қажет.

Мемлекет өз азаматтарынан Конституцияда көрсетілген белгілі бір әлеуметтік міндеттерді қатаң орындауды талап етеді, оны орындамаған ретте азаматтарға заңда көрсетілген негізде моральдық немесе құқық жауапкершілікке жүктеледі. Қорыта келгенде жасөспірім тұлғасының қалыптасуына ықпал ететін теріс жағдайлар, өз бостандығы барлық жақсы-жаман қасиетті кәмелетке толмаған жас күнделікті өмір шындығынан алады.

Кәмелетке толмағандардың құқығын қорғаумен айналысатын және олардың тәрбиесіне, оқуына және жұмысқа орналасуына жауап беретін мекемелерді бақылайтын ұйымдардың мәртебесін көтеру керек. Жеткіншектердің өмір салтына теріс ықпал ететіндердің барлығы

жұртшылық пен мемлекетті жайбарақат қалдыруы тиіс. Сонда ғана жастар қоғамдағы өз орнын табады, өздерін қоғамның толыққанды мүшесі ретінде сезеді. Бұл мәселелерді өз уақытында шектемесе, болашақта қауіпті қылмыс түрлері кең етек алуы мүмкін. Сондықтан, Қазақстан Республикасының заңнамасында кәмелетке толмаған балалардың қылмысына жазалау бекітіліп, бұл мәселе дұрыс шешілу керек деген ойдамын.

Кәмелетке толмағандар арасындағы суицид бойынша мәлімет

Аймақпен	6 ай. 2012 ж.		6 ай. 2013 ж.		6 ай. 2012 ж.	6 ай. 2013 ж.	бойы/ төмен- дету
	суицид		суицид		суициды, амалдары		
	аяқталған	амалдар	аяқталған	амалдар			
<i>Тіркелген жағдайлардың жалпы саны</i>	116	345	131	319	461	450	-2,4%
Астана қ.	3	22	5	22	25	27	8,0 %
Алматы қ.	2	1	5	4	3	9	200,0 %
Алматы	22	17	15	27	39	42	7,7 %
Ақмола	6	19	5	25	25	30	20,0%
Ақтөбе	4	24	8	24	28	32	14,3%
Атырау	3	27	4	17	30	21	-30,0 %
Шығыс Қазақстан	6	35	8	26	41	34	-17,1 %
Жамбыл	9	24	9	10	33	19	-42,4 %
Батыс Қазақстан	1	5	6	6	6	12	100,0 %
Қарағанды	8	45	7	19	53	26	-50,9 %
Қостанай	8	22	11	15	30	26	-13,3 %
Қызылорда	8	3	14	2	11	16	45,5 %
Манғыстау	3	12	6	26	15	32	113,3 %
Павлодар	6	29	1	35	35	36	2,9 %
Солтүстік Қазақстан	4	38	4	12	42	16	-61,9 %
Оңтүстік Қазақстан	23	21	23	49	44	72	63,6 %
Көлікте	0	1	0	0	1	0	-100,0%